



ХАТТАМА

Атырау қаласы
«16» қыркүйек 2024 жыл

Коммунальное государственное
предприятие на праве
хозяйственного ведения Атырауская
областная больница №2

ПРОТОКОЛ

город Атырау

«Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік» тақырыбында қызметкерлерге түсіндіру

Спикер: камплаеанс офицер –К.К.Темириалиев

Қатысушылар:

Кулбаева К.С. – бас есепші;

Алмуханова З.Т.-бас мейірбике

Дәрігерлер

Хатшы: Джанбирбаева А.Е.

КҮН ТӘРТІБІ

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік.

Камплаеанс офицер –К.К.Темириалиев сөз бастады: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заның 1 бабының 6 тармақшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауга уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық қызметтік өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзі үшін не үшінші тұлғаларға мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу, болып табылады

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте көзделген. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіру жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзіреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, үйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері және лауазымды тұлғалар жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергеп-тексеруді және алдын-алуды, оларды жасауды кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өз құзіреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, әскери полиция органдары, экономикалық тергеп-тексеру қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық кодексте және әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте көзделген.

Тақырып аясында «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекс қаралды. Кодекс бойынша 34-тарау «Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар» және оған

енгізілген баптар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жазаларды көрсете отырып.

676-бап. Жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі.

Жеке тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілеттік берілген тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – екі жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппул салуға әкеп соғады.

677-бап. Мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы

Мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, жеңілдіктерді не көрсетілетін қызметтерді ұсынған тұлғалардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін осыларды алуы, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – алты жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппул салуға әкеп соғады.

678-бап. Заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі

Заңды тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілеттік берілген тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – жеті жұз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппул салуға әкеп соғады.

679-бап. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзібасқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметтіжүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы

Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өздеріне заңнамада жүктелген функциялардан тыс кәсіпкерлік қызметпен айналысуы не белгіленген каржыландыру көздерінен басқа материалдық игіліктер мен артықшылықтар қабылдауы – осы үйымдардың басшыларына алты жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппул салуға әкеп соғады.

680-бап. Мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы

Мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдары басшыларының не жауапты хатшыларының немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындастын өзге де лауазымды адамдарының өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының бұзушылықтарын жою бойынша не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға кінәлі, өздеріне бағынысты адамдарға қатысты шаралар қабылдамауы не көрсетілген шараларды Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұза отырып қабылдауы, не кінәлі адамдардың түргышылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына тиісті ақпаратты ұсынбауы – бір жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппул салуға әкеп соғады.

681-бап. Бұрын сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау Мемлекеттік органдар, мекемелер мен кәсіпорындар басшысының не ұлттық компаниялар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық даму институттары, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдары бұрын сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдауы – бір жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуга әкеп соғады.

Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған жағдайда азаматтар 1424 тегін call орталығына қонырау шалып, мемлекетке хабарлай алады. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін адам мемлекет қорғаудың болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен көтермеленеді. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады. Көрсетілген ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпаратты хабарлаған адам заңға сәйкес жауапты болатының айтып, сөзін аяқтады.

кампляеанс офицер: К.К.Темирайев

Хатшы: Джанбирбаева А.Е.